

Ауыз қуысының анатомиясы және физиологиясы. Ауыз қуысының кілегейлі қабығының құрамы және қызметтері. Сілікей. Ауыз сұйықтығы. Құрамы. Қасиеттері. Ауыз қуыстағы физиологиялық және патологиялық үрдістерде қатысуы. Ауыз қуысның микрофлорасы. Құрамы. Ауыз қуыстағы физиологиялық және патологиялық үрдістерде қатысуы.

- Ауыз қуысы асқорту жолының бастапқы бөлімі болып табылады. Алдынан-ерінімен, бүйірлерінен – үртпен, үстінен – қатты және жұмсақ таңдаймен, астынын-ауыз қуысы түбімен шектеледі.
- Ауыз қуысы екі бөлімге бөлінеді:
 - - алдыңғы- ауыздың кіре берсі
 - - артқы-меншілікті ауыз қуысы


Ауыз қуысының кіре берсі

- Алдынан және бүйірінен ерін және ұртпен, артынын және ішінен тістермен, жоғары және төменгі жақ сүйектерінің альвеола өсінділерінің кілігейлі қабығымен шектеледі.



Өзіндік ауыз қуысы

- Тістер, жоғарғы және төменгі жақ сүйектер, тіл, кілегейлі қабық, сілекей бездерінің түтіктері бар.



- Ауыз қысының кіреберісінің қалыптасуы эмбриогенездің 2 айының алдында басталады. Тұрақты тістердің қалыптасуы эмбриондық өмірдің 5 айында басталады.

Ауыздың кілегейлі қабығының анатомиялық, гистологиялық құрылысы, физиологиясы.

- Кілегейлі қабық ауыз қуысын ұрт жағынын және қуыс жағынан жауып, барлық бездерінің түтікшелерінің қабырғаларын төсеп жатады. Кілегейлі қабық көп катпарлы эпителийден, базальді мембранадан, кілегейлі қабықтың негізгі қабатынан және астыңғы кілегейлі қабықасты қабатынан тұрады.
- Қалыпты жағдайда кілегейлі қабық ақшылқызыл түсті, жылжымалы, беті жақсылғанданған. Қайта құрылу қабілеті жоғары.

Ауыз қуысының кілегейлі қабығының физиологиялық ерекшеліктері.

- Ауыздың кілегейлі қабығы ас қорытуға, демалуға қатысады және қорғаныс қызметін атқарады. Қорғаныс қызметі келесі жолдармен жүзеге асады:
- - микробтарды өткізбеу (оба және туляремия тудырушы микробтар ғана өте алады);
- - эпителий қабатының түлеуі;
- - қайта құрылудың жоғарғы дәрежеде болуы;
- - сілекей бөлінуі;
- - фагоцитоз;
- - капиллярлардың өткізгізтігі;
- - микробтық симбиоз;

Көп катпарлы эпителий.

- КҚ бетін жапқан эпителий ауыз қуысына қарайды. Эпителийдің беткі қабаты түлеп, кейбір бөлігі мүйізгектенеді. Мысалы: қатты таңдайдың, тілдің, қызыл иектің эпителий қабаты. Бұл жерлерде жасушылар мүйізгектеніп бірнеше қабаттан тұрады және олардың ядросы болмайды. Одан төмен дәнді жасушылар қабаты орналасқан. Олар ұзынша болып келеді, цитоплазмасында кератогиалин дәндері бар.
- Қалыпты жағдайда ауыз қуысының түбінде, өтпелі қатпарда, тіс-қызыл иек қалтасында, тілдің астыңғы жағында эпителий мүйізгектенбейді. Бұл жерде жалпақ тікенек тәрізді жасушалар орналасқан. Эпителийдің ең терең қабаты цилиндр немесе куб тәрізді клеткалар, олар өсу клеткалар болып табылады. Базальды мембранаға жақын орналасқан, сондықтан базальды қабат деп аталады. Эпителий негізінен базальды қабаттың клеткаларының бөлінуінің арқасында жаңарып отырады.

Эпителий




Рис. 1.
Ороговевающий многослойный плоский эпителий. X90.
1 — роговой слой; 2 — зернистый; 3 — шиповатый; 4 — базальный; 5 — собственная пластинка слизистой оболочки.




Рис. 2.
Неороговевающий многослойный плоский эпителий. X90.
1 — слой плоских клеток; 2 — шиповатый; 3 — базальный; 4 — собственная пластинка слизистой оболочки.

Базальды мембрана.

- Структурасы жағынан күрделі құрылым. Ол негізінен белгілі бір бағытта орналасқан жіңішке аргирофильді талшықтар өрімінен тұрады. Олардың кейбірі базальды қабатқа бағытталып, цилиндр тәріздес жасушалармен байланысады. Сонымен, БМ эпителий қабатты кілегейлі қабықтың негізгі қабатымен байланыстырады

Кілегейлі қабықтың негізгі қабаты.

- Ол дәнекер тіннен, талшықты құрылымнан және жасушыралдан тұрады. Дәнекер тіннің қорғаныстық қызметі- механикалық барьер жасай алуында микробтарды өткізбеу.
- Талшықтар құрылымдар негізінен коллаген талшықтарынан тұрады. Олардың көпшілігі қызыл иекте және қатты таңдайда орналасқан.
- Негізгі қабаттың клеткалық элементтері: фибробластар, макрофагтар, толықша, плазматикалық, гистиоциттер.
- Осы қабатта қызыл және көк тамырлар жүйесі, нерв өрімдері көптен кездеседі, тактильдік, қысымдық, ауруды сезетін, темпетаруралық және хеморецепторлар бар.

Кілегейлі қабық астындағы қабат

- Кілегейлі қабық астындағы қабат – ол борпылдақ дәнекер тін.негізінен ауыз қуысының түбінде, реіннің өтпелі қатпарында, ұртта жақсы дамыған. Бұл қабатта майда қан тамырлары, кіші сілекей бездері, май бездері (Форсайд) орналасқан

Сілекей

- Үш қос сілекей бездерінен, және де басқа көптеген ұсақ сілекей бездерінің секреті.
- Сілекей химиялық қасиеті жөнінен көбінесе бейтарап реакцияны көрсетеді – сутектік көрсеткіші (РН – 6,8-7,0) аралығында.
- Ұсақ сілекей бездер таңдайда, ерінде, тілде орналасады. Олардың қызметі – ауыз қуысының кілегейлі қабатты ылғалдау. Ұсақ сілекей бездер үнемі сілекей шығарады. Бір тәулікте 1,50-2 литр сілекей бөлінеді.

- Сілекейдің бөлінуы адамның жасына, нервті, тағамды тітіркендіргіштеріне байланысты. Түнде 0,005 мл минутына, ал күндіз – 0,5 мл минутына бөлінеді.
- Тістердің жағдайы сілекейге байланысты: сілекей көп мөлшерде бөлінсе – тісжегі қаркындылығы төмендейді.
- Оствальд әдісімен сілекейдің **вязкость** анықталады. Қалыпты жағдайда ол 1,2 – 2,4 ед. Осы көрсеткіш жоғары болғанда – тістер тісжегімен көп зақымданады.

- Суферная емкость слюны- ол сілекейдің қышқылдармен сілтілерді бейтарау қабілеті. Ол тағамның құрамына байланысты өзгереді: көмірсуларының әсерінен төмендейді, ал құрамында ақауыз бар тағамдар – жоғарылатады.

Сілекейдің құрамы

- Су – 99,4%
- Органикалық зат – 0,4%
- Бейорганикалық зат – 0,1%
- Құрғақ заттардың көлемі 0,5 – 1,5%, ал оның 2/3 бөлігі органикалық заттар, ал 1/3 бөлігін - минералдық тұздар құрастырады.

- Сілекейдің әсерімен ауыз қуысында микробтар өседі, өнеді, сілекейде ауру туғызбайатын оған қарсы күресетін биологиялық заттар көп, химиялық заттардың саны мен сапасы әр уақытта өзгеріп тұрады.

Сілекейдің қызметтері:

- - тағамды жұмсартады
- - қорғаныс қызметі
- - бактериоцидтік
- - минерализациялық – тіске Са, F жеткізеді
- - терморегуляциялық

Ауыз қуысының микрофлорасы.

- Адамның ауыз қуысында әртүрлі микроорганизмдердің аутохонды микрофлора түзуіне мүмкіндік беретін экологиялық жүйе болып табылады. Тағамдық ресурстардың болуы, үнемі дымқыл, рН –ң төмен болуы әртүрлі микробтардың жабысуына, колонизациясына, көбеюіне мүмкіндік береді. Қалыпты микрофлораның құрамындағы көптеген шартты-патогенді микроорганизмдер тіс жегі, пародонт, ауыз қуысы шырышты қабығы ауруларының этиологиясы мен патогенезінде айтарлықтай роль атқарады.

Ауыз қуысының қалыпты микрофлорасы.

- Қазіргі кезде ауыз қуысы қалыпты микрофлорасын құрайтын 100-ден астам микроорганизмдер түрі анықталған. Оның құрамында бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар және қарапайымдылар кіреді.
- Ауыз қуысы микробтарының құрамында аутохонды және аллахтонды түрлері кездеседі-бұлар адамның басқа биотоптарының иммигранттары және қоршаған ортадан келген микрофлора. Аутохонды микрофлораны облигатты-яғни, үнемі ауыз қуысында болатын және уақытша-транзиторлы –деп бөледі. Соңғысының құрамына патогенді немесе шартты-патогенді бактериялар кіреді. Ауыз қуысының грам оң коктарының негізгі массасын жасы кіші вирулентті саңырауқұлақтар құрайды. Олар тістің қатты тіндері мен пародонтының зақымдануына әкеледі. Бұл топқа *Str mutans* , *Str sanguis*, *Str mitis*, *Str salivarium*. Олар бір-бірінен көмірсуларды ферменттеу және сутегі асқын тотығын түзу қасиетімен ажыратылады.

- Деминерализация үрдісі мықты беткі қабықтың еруімен және тісте қуыс түзумен аяқталады. Тіс жегі дамуында оральды стрептококктар – *s.mutans* *s.sanguis* , лактобактериялар , актиномицеттер роль атқарады. Бұл микроорганизмдер сау адам ауыз қуысында аутохонды микрофлорасының өкілдері болып табылады, алайда кейбір жағдайда тіс жегі дамуында этиопатогенетикалық роль атқарады. Себебі олар көптеген көмірсуларды ферменттейді. Бұл кезде бляшкадағы рН төмендейді.